

"Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 588 бұйрығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 71 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5572 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 27.01.2016 № 30 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 588 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 5419 болып тіркелген) мынадай толықтыру мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

осы бұйрықпен бекітілген Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесінде:

1 "Ағымдағы шығындар" санатында:

1 "Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шығындар" сыныбында:

140 "Көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алу" кіші сыныбында:

141 "Коммуналдық қызметтерді төлеу" ерекшелігі бойынша:

7 "Ескерту" бағанында:

"Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер" бағдарламасы" деген сөздерден кейін "және әкімшісі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі болып табылатын "Сыртқы сауда саласында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіруді қамтамасыз ету, сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен шетелдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу" бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей

Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Сауда өкілеттігі" деген сөздермен толықтырылсын;

7 "Ескерту" бағаны бойынша:

барлық мәтін бойынша "жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілеге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжатқа сәйкес шот-фактураны немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер туралы жүкқұжаттың көшірмелерін қоса бере отырып" деген сөздері "құжаттарды растайтын қосымшасыз" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және оның әдіснамасы департаменті (Қалиева А.Н.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Министр

Б. Жәмішев